

Мектепалды 0 «Ә» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «ІТ мектеп-лицей»КММ

Топ: Мектепалды 0 «Ә» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.10 – 28.10. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі			Сәрсенбі 26.10	Бейсенбі 27.10.	Жұма 28.10.
Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
			Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); «Мұнаралар жасаймыз» (үстел-үсті ойыны) Мақсаты: Тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны жинастыруға, түстерді тануға, ретімен қою, жеңіл сөздерді атап айтуға үйрету. Қолданатын көрнекті құралдар: Үш түсті қорап, сақина, ертегі кейіпкерлері. Әдіс тәсілі: Триз технологиясы (ойдан ертегі құрастыру) түстерді ажырату, әуенге сәйкес	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын. Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді?» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын шарттары: серуенге дайындық, серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстарын құрастыру, сәйкестік табу арқылы түсіндіру. Киімдерін дұрыс киіп білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті ойыны: «Бауда әлде бақшада?» «Мозайка» Мақсаты: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. Ойынның шарты: балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету.

			қимыл жасау, түсіндіру, ойын. 		 	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӨ		Дүйсенбі 24.10.22	Сейсенбі 25.10.22	26.10.22 Сәрсенбі	27.10.22 Бейсенбі	28.10.22 Жұма
				Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ				1.Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Тақырыбы: Дөңгелек және сопақша. ҰІӨ мақсаты: сопақша геометриялық фигура туралы ұғым	1.Математика негіздері– танымдық, ойын әрекеттері Тақырыбы: Дөңгелек және сопақша. ҰІӨ мақсаты: сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру.	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік? ҰІӨ мақсаты: дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.

			қалыптастыру. Дағды: Сопакша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: Меңгереді: фигуралардың атауларын атайды; дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды; түсінеді: дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты; қолданады: заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Ойын-тапсырма «Бейнеле» Заттарды геометриялық пішінмен қағаз бетінде бейнелеу. Заттарды атайды, балалар оларды қағазға геометриялық пішінімен бейнелеуі керек. Зейін	Дағды: Сопакша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: Меңгереді: фигуралардың атауларын атайды; дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды; түсінеді: дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты; қолданады: заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Ойын-тапсырма «Бейнеле» Заттарды геометриялық пішінмен қағаз бетінде бейнелеу. Заттарды атайды, балалар оларды қағазға геометриялық пішінімен бейнелеуі керек. Зейін салыңыз: тарелка, есік,	Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. Дағды: Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды бір-бірінен ажыратып айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауыссыз қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды бір-бірінен ажыратады. Түсінеді: дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болатынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау. «<i>Сағат</i>» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау. «<i>Саңырауқұлақ</i>» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. «<i>Алтыбақан</i>» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке
--	--	--	---	--	--

			салыңыз: тарелка, есік, шатыр, текшенің қыры, қияр. Қандай геометриялық фигуралар шықты, атаңыз? Балалар: шеңбер, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, сопақша деп атайды. Түсіну: «Не өзгерді?» дидактикалық ойыны. Балаларға фигуралардың орналасуын есте сақтауды ұсынады. Олардан көздерін жұмуды сұрап, бір фигураны алып тастайды. Қолдану: «Домалайды - домаламайды» дидактикалық ойыны Егер аталған зат домаласа, қол шапалақтайды, егер домаламаса, аяғын топылдатады. Мысалы, қарбыз, текше, кітап, дөңгелек, қарындаш, сәбіз, банка, жапырақ, апельсин, үйшік, доп.	шатыр, текшенің қыры, қияр. Қандай геометриялық фигуралар шықты, атаңыз? Балалар: шеңбер, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, сопақша деп атайды. Түсіну: «Не өзгерді?» дидактикалық ойыны. Балаларға фигуралардың орналасуын есте сақтауды ұсынады. Олардан көздерін жұмуды сұрап, бір фигураны алып тастайды.	созу. Осылай 10–15 рет қайталау. Білу: «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны. Балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді.
--	--	--	---	--	---

1 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (**ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған балаға арналған саусак ойындары Саусак ойыны: «Гүл» Қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады: Саусақтар шынжыр болады, Үзілмейді тартсаңда. Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда.		Ұшқыштар Мақсаты: балаларды бір-біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту. Шарты: Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Олар бірінің соныңнан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі-түсті жалаушалармен белгіленген алаңдарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалындар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, қанаттарын жан-жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қонындар», - деген белгі
--	--	--

Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келіп тұр. Саусақ ойыны: «Санамақ» Балаға қарама-қарсы отырып, тәрбиеші көрсетіп отырады, қолдарды құлыпқа ұқсатып түйеді. Саусақтарын кезек-кезек создыра көрсетіп, Кел, санайық санамақ, саусақтарға қарап ап. Басбармақ, Балан үйрек, Орган терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Бала қозғалыстарды қайталайды.	  	бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: ойында әртүрлі құралдарды пайдалануға болады. Әуежайды белгілеп қойған жалаушаларды тәрбиеші білдірмей ауыстырып қояды. Қолбасшының топтарын әуежайға дұрыс орналастыруы қажет.
--	---	---

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

			2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Әдептілік әлемі (өлең оқу) Ермек Өтетілеуұлы. ҮІӘ мақсаты: Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Сурет бойынша әңгіме құрауда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілет дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің	2. Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме) (М. Төрежанов). ҮІӘ мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту. Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Дағды: Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады; Түсінеді: әңгіменің	2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, танымдық әрекет Тақырыбы: Әдептілік әлемі (өлең оқу) Ермек Өтетілеуұлы. ҮІӘ мақсаты: Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Сурет бойынша әңгіме құрауда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілет дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнына
--	--	--	--	--	---

			авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады; Қолданады: өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді. Қарым-қатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін; Қолданады: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата». Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездесе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездесе, тыныш отырады. Әдіс-тәсілдер: Тіл жаттықтыру.	сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады; Қолданады: өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді. Қарым-қатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.
--	--	--	--	---	---

2 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекеті

Саусақ ойыны: «Саусақтар жүреді»

Екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап, алға-артқа жүреді.



Саусақ ойыны: «Құстар»

Құстар қанат қағады.
Құстар ұшып барады,
Көкте қанат қағады.
Барлық құстар қосылып,




Қояндар мен қасқыр

Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.

Ойынның шарты: Бір бала қасқыр болады қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады.

Тәрбиеші:

- Секендеңдер қояндар,
Жүгіріңдер жортыңдар- деген кезде Қояндар үйлерінен шығып секендеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады.
Ойын 2-3 рет ойналады.

Шик-шиқ-деп, ән салады. 				
3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті				
		3. Сауат ашу негіздері-коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Үнді дауыссыз дыбыстар ҰІӨ мақсаты: Үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту. Дағды: Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді. Қолданады: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Жақсы өнеге. ҰІӨ мақсаты: қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Дағды: сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сыпайы сөздер мен сөйлемдерді айтады. Түсінеді: қарапайым сұрақтарды, сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінеді. Қолданады: үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетеді, жай сөйлеммен	3.Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері және оларды күту. ҰІӨ мақсаты: бөлме өсімдіктерін дұрыс күте білуге үйрету. Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы); өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу; олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру. Дағды: Практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттыру; өсімдіктер туралы


			жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау. «Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. «Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау. Түсіну: «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны - үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларын керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, <i>лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.</i> ң дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді. Мысалы: <i>«л» – Ләззат, лақ, лаула, люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә;</i> <i>«м» – мақта, малта, маймыл, малақай;</i> <i>«н» – нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір;</i> <i>«р» – рауғаиш, Рауан, Раушан, риза;</i> <i>«у» – уылдырық, уақ.</i>	жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу: Дидактикалық ойын: «Не деу керек?» Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ө- ә - ә - ә – ә – әдеп-ті, әдепті. Ө -ө-ө-өөті- не-мін, өтінемін. І-і-і - ке-ші-і-р-і-і-ң-і-і-з, кешіріңіз	білімдерін дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауды; оның өсуіне қажетті жағдайды; түсінеді: өсімдіктердің ұқсастығы мен айырмашылығын; өсімдік мүшелерін ажырата білуді; өсімдіктердің өсуі үшін ауа, жылу, жарық, судың қажет екендігін; қолданады: практикалық жұмыс істеу дағдыларын; өсімдіктерді күту туралы білімін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану
3 үзіліс Балалардың дербес іс-әрекеті Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары					

ТЫНЫС АЛУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ “Допты қақпаға соқ” • Допты ал • Футбол қақпасының алдына қой • Допты қақпаға жөймен үрлеп соқ • Енді бар деміңмен қатты үрлеп соқ • Қанша гол соқтың, сана “Жапырақты ұшыр” • Терең тыныс алып, ауызыңмен дем шығару арқылы жапырақты үрлеп, ұшыр “Қарды үрле” • Қарды жай ғана үрле		«Қол соғу» ойыны Мақсаты: Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру үшін жаттықтыру. Керекті материалдар: Тәрбиеші мен әрбір баланың алдында тілі бар дөңгелек (3 сурет) болуы тиіс. Ойынның мазмұны. 1 нұсқа. Тәрбиеші қол соғады. Балалар санайды. Одан соң тақта алдына шақырылған балалардың бірі тәрбиешінің қол соғуын қайталап, оның неше рет қол соққанын айтуы немесе дөңгелектің тілін қол соғу санына сай келетін сандық фигураға қаратып қоюы тиіс. 2 нұсқа. Ойын күрделенеді. Балалар үндемей, қол соғу санын есептейді, әрқайсысы дөңгелек тілін өздігінен жылжытады. Тәрбиеші ойын ережесінің дұрыс орындалуын қадағалайды.
--	--	--

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

			4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Акробат болғым келеді. ҮІӨ мақсаты: Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерінбіріктіруді қалыптастыруды жалғастыру. Өртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айкастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру –4 метр), ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.	4. Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Гүлдене бер, Нұр Сұлтан. ҮІӨ мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Дағды:Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындайды. Түсінеді: қарапайым музыкалық терминдерді.	4.Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Ақылдылар. ҮІӨ мақсаты: Қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін жетілдіру. Сапқа, тізбекке, шеңберге (оң-сол, алды-арты) қайта тұруға жаттықтыру. Дағды: Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жүрудің әртүрлі түрлерін алмастырып жүруді; еденнен 50 см биіктікке көтеріп,көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеуді; бір-бірінен 5 м арақашықтықта тұрған заттардың арасынан фитболды домалатып жүруді; екі аяқпен заттар арасымен секіруді.
--	--	--	--	---	--

			Дағды: Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жүрудің әртүрлі түрлерін; еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылғансаты тепкішектерімен еңбектеп жүруді; белгіленген жерден шұңқырға секіруді; Қолданады: топтық әдіс және толассыз әдіс түрлерін, еңбектеу және шұңқырға секіруәдістерін, сондай-ақ ойын барысында қарлығаштың ұшуын салған имитацияларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы. Бір баланың көңіл күйі бәріне әсер ететіндігін айтып, дені сау адам әрқашан жадырап жүретіндігін айтады.	Қолданады: мәнерлі қимылдарды және би қимылдарының элементтерін орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Білу: <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Аспаптардың дауысын ажырату». Ойын ойнап көрейік, Көңілденіп жүрейік. Аспаптардың дауысын, Ажыратып көрейік. Елтаңбасы елімнің.	Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Саусақ гимнастикасы Біздің топтың қыздары мен ұлдары бір-бірімен тату – саусақтарын бір-бірімен айқастырады. Шынашақтар дос болады – шынашақтарын әрі-бері қозғайды. 1, 2, 3, 4, 5 – қайтадан бастап сана. (Шынашақтан бастап әрбір саусақты бір-біріне тигізеді). 1, 2, 3, 4, 5 – біз санап болдық (қолдарын төмен түсіріп, білезіктерін сілкілейді).
4 үзіліс Балалардың дербес іс-әрекеті Аз қимылды сюжеттік ойындар					

Тақырыбы: «Жақсы, жаман» Мақсаты: Балаларға жақсымен жаман қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу. Үтік - жақсы өйткені онымен киімдерді өтектейді, ал жаман қолымызды кидіріп алсақ. Қайшы- жақсы онымен әр түрлі заттарды қияды, жаман дұрыс қолданбасан қолыңды көзінді жарақаттап аласың. Сіріңке -жақсы онымен от жағамыз, ал жаман өрт шығуы мүмкін . Пышақ-жақсы онымен әр түрлі заттарды тураймыз, ал жаман абай болмасақ қолымызды кесіп аламыз. Шеге-жақсы екі затты біріктіреді ,шеге жаман абай болмасаң денені жарақаттайды. Ине-жақсы онымен киім тігеді ,жаман қолымызға кіріп кетсе.					
	Сюжеттік ойын: «Абай бол!» Мақсаты: Көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау ,балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру. 1.Бағдаршамның неше түсі бар?Үш 2.Қай түс жанғанда машиналар жүреді?жасыл 3.Көлік күтетін жерді қалай атайды?аялдама 4.Көшеде қалай жүру керек?абайлап оңға солға қарап. 5.Көшеде тағы не істеуге болмайды?көшеде танымайтын адаммен сөйлесуге болмайды,қолынан заттарды алуға болмайды,пакет жәшік жатса барып ашуға немесе алуға болмайды үшінде жарылыш заттар болуы мүмкін.				
	Сюжеттік ойын: «Болады,болмайды» Мақсаты: Үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру,қауіпті заттармен,қауіпсіздік жағдайларымен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету. 1.Өрт болғанда 01 нөміріне қоңырау салуға?- болады.(жасыл) 2.Жанып тұрған сіріңкені тастауға ?- болмайды(қызыл) 3.Өрт шыққан жерде қалуға?-болмайды.(қызыл) 4.Өрт кезінде шкаф үшінде тығылуға ?болмайды(қызыл) -неге? -өрт сөндірушілер тауып алмайды. 5.Бос шәйнекті тоққа қосуға ?- болмайды.(қызыл) 6.Ауырғанда емделуге кез келген дәріні ішуге ?болмайды(қызыл) 7.Көршілерден көмек сұрауға ?болады(жасыл) 1 өрт сөндірушілер: Өрт ережелерін қатаң сақтандар!				
Балаларды үйге қайтару.					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.			Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Мектепалды 0 «Ә» сыныбының тәрбиешісі: *Каракушикова А.К.*